

**Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған жұмыс берушілердің шығыстарын өтеудің қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 11 мамырдағы N 224 бұйрығы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен Келісілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1157. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 31 шілдедегі N 328 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.07.31 N 328 Бұйрығымен.*

*----- Бұйрықтан үзінді -----*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің мынадай:*

*. . . . . ;*

*"Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған жұмыс берушілердің шығыстарын өтеудің қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 11 мамырдағы N 224 Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2000 жылғы 14 маусымдағы N 1157 тіркелген) бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*

*2 . . . . .*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Министр Б. Жәмішев*

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1999 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН: 1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 мамырдағы N 242 V990810\_ бұйрығымен бекітілген Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған жұмыс берушілердің шығыстарын өтеудің қағидасына қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін. 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Министр Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған

жұмыс берушілердің шығыстарын өтеудің қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған жұмыс берушілердің шығыстарын өтеудің қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 мамырдағы N 242 бұйрығымен бекітілген Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған жұмыс берушілердің шығыстарын өтеудің қағидасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтағы "қосымшаға" деген сөз "1-қосымшаға" деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші және төртінші тараулардың атауы "1999 жылы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"4-1. 2000 жылдан бастап міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған мемлекеттік мекемелердің шығыстарын өтеудің тәртібі

10-1. 1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1999 жылдың 17 сәуірін қоса алғандағы кезеңде есептелген және кейінгі қаржы жылдары төленбеген жәрдемақылар бойынша берешекті өтеу үшін 2000 жылдан бастап республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне 1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1999 жылдың 17 сәуірін қоса алғандағы кезеңде есептелген және растау күнінде төленбеген жәрдемақылар бойынша берешектің қалдығына растама береді.

10-2. Аудандық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері республикалық бюджеттен қаржыландыру лимиттері түскен кезде және осы берешектің бар-жоғы туралы мемлекеттік мекеменің растамасын алған кезде төлем тапсырмасымен қалдықтың расталған сомасының шегінде мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына шығыстардың экономикалық сыныптамасының 113-ерекшелігіне республикалық бюджеттің қаражатын аудару жолымен жұмыс берушілермен (мемлекеттік мекемелермен) есеп айырысуды жүргізеді. Жұмыс беруші қаражатты алғаннан кейін жұмысшыларға 113-ерекшелік бойынша есептелген жәрдемақыларды төлейді.";

15-тармақтағы "қазынашылықтың аумақтық органдары" деген сөздер "Қаржы бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Қағидаға қосымшада: "Қосымша" деген сөз "1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын.

Жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге жұмсалған

жұмыс берушілердің шығыстарын өтеу қағидасына 2-қосымша

1999 жылғы 1 қаңтардан бастап 1999 жылғы 17 сәуірге дейінгі кезеңде есептелген және растау күнінде төленбеген жәрдемақылар бойынша берешектің қалдығына Растама \_\_\_\_\_ (мемлекеттік мекеменің атауы) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ р/р Шығыстардың атауы Теңгенің Жыл басынан бергі Берешектің есептелгені кассалық шығыс\*, қалдығы, теңге теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1 2 3 4 5 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 1

Жәрдемақылар: Еңбекке уақытша жарам. сыздық бойынша, барлығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 2 оның

ішінде еңбекте жарақат алуы және кәсіби ауруы бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 3 Жүктілігі және бала

тууы бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 4 Бала туылған кездегі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 5 Жерлеуге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жолдар сомасының жиыны (1,3-5

) \_\_\_\_\_

200\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ Басшы \_\_\_\_\_ (қолы) (

аты-жөні, лауазымы) Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ (қолы) (

аты-жөні, лауазымы) МО \* Ескерту: жұмыс істейтін азаматтарға іс жүзінде

төленген жәрдемақылардың сомасы бойынша шығыстар, оның ішінде

депонентке жатқызылған сома да қамтылады. Оқығандар: Омарбекова А.Т.

И к е б а е в а \_\_\_\_\_ Ә . Ж .